

Қанатбек Ж.Қ., Исмайлов Н.М. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, экономика факультеті, ГА-24-1к топ, студент
(Ғылыми жетекші – Ph.D., қауымдастырылған профессор Ламбекова А.Н.)

ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚҰМАР ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Андатпа: Жастар арасында құмар ойындарға тәуелділік маңызды әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылуда. Аталған зерттеу құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуына әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және институционалдық факторлардың көпқырлы сипатын көрсетуге бағытталған. Зерттеу сандық әдіснамаға негізделіп, құрылымдық теңдеулер моделінің (PLS-SEM) көмегімен талдау жүргізілді. Мәліметтер 18 - 35 жас аралығындағы 75 респондент арасында сауалнама әдісімен жиналды. Құрылымдық модельдеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың эмоционалдық тұрақсыздығы мен тәуекелге бейімділігі сияқты психологиялық мінез-құлықтық факторлар құмар ойындарға тәуелділік деңгейіне ең күшті әсер етеді. Сонымен қатар әлеуметтік орта мен институционалдық механизмдердің де ықпалы елеулі болып шықты. Құрылымдық теңдеулер моделінің түсіндірілген дисперсиясы $R^2=0,619$ құрады, бұл тәуелділіктің 61,9%-ы зерттеуге енгізілген факторлармен түсіндірілуі мүмкін екенін білдіреді. Зерттеу нәтижелері бойынша жастар арасындағы құмар ойындарға тәуелділік жеке тұлғалық психологиялық факторлармен қатар әлеуметтік-экономикалық және институционалдық факторлармен тығыз байланысты кешенді құбылыс екені анықталды.

Кілт сөздер: жастар, құмар ойындар тәуелділік, әлеуметтік факторлар, экономикалық факторлар, психологиялық факторлар, институционалдық факторлар, құрылымдық теңдеулер моделі, PLS-SEM сандық әдіснама, сауалнама тәуекел факторлары, мінез-құлық, кешенді құбылыс, әлеуметтік-экономикалық, эмоционалдық, тұрақсыздық, тәуекелге бейімділік алдын алу, тәуелсіз айнымалылар, дисперсия коэффициенті.

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары жастар арасында құмар ойындарға тәуелділік мәселесі халықаралық деңгейде өзекті әлеуметтік проблемаға айналып отыр. Өртүрлі елдерде жүргізілген зерттеулер бұл құбылыстың кездейсоқ емес екенін, оның қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық факторлар жүйелі түрде әсер ететінін көрсетеді [1,2,3]. Ғылыми еңбектерде жастардың құмар ойындарға бейімділігі көбіне олардың әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты екені анықталған. Атап айтқанда, оқу үлгерімінің төмендігі мен ата-ананың білім деңгейінің жеткіліксіздігі тәуекелдің артуына ықпал етеді [1], [4], [9]. Сонымен қатар отбасының табыс деңгейі мен әлеуметтік мәртебесі де маңызды рөл атқарады [2], [7]. Экономикалық тұрақсыздық пен материалдық тапшылық жағдайында жастар құмар ойындарды қаржылық қиындықтарды шешудің жолы ретінде қабылдауы мүмкін. Мысалы, экономикалық дағдарыс кезеңінде жүргізілген зерттеулерде азық-түлік тапшылығы мен қаржылық қысым құмар ойындарға тәуелділік қаупі бірнеше есе арттырғаны көрсетілген [9]. Аймақтық экономикалық теңсіздік те тәуекел факторы ретінде қарастырылады. Табыс айырмашылығы жоғары өңірлерде жасөспірімдер арасында проблемалық құмар ойындар жиі кездескен [8]. Ұзақ мерзімді зерттеулер әлеуметтік-экономикалық қолайсыз ортада өскен жасөспірімдерде кейінгі кезеңде құмар ойындарға тәуелділік белгілері жиірек байқалатынын дәлелдейді [2], [10]. Сонымен қатар гендерлік айырмашылықтар айқын: ер балалар арасында тәуекел деңгейі жоғары екені бірнеше зерттеуде расталған [3], [7].

Осы ғылыми деректер құмар ойындарға тәуелділікті тек жеке психологиялық мәселе ретінде емес, әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды.

«Жастар арасында құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторлар» тақырыбы қазіргі қоғам үшін аса өзекті.

Біріншіден, жастар – қоғамның стратегиялық ресурсы. Олардың әлеуметтік бейімделуі мен мінез-құлықтық тұрақтылығы мемлекеттің болашақ дамуына тікелей әсер етеді. Зерттеулер құмар ойындарға тәуелділік білім алу процесіне, психологиялық жағдайға және әлеуметтік қатынастарға кері ықпал ететінін көрсетеді [1], [4].

Екіншіден, халықаралық ғылыми деректер әлеуметтік теңсіздік, отбасының төмен табысы және экономикалық дағдарыстар жастар арасындағы тәуелділіктің өсуімен байланысты екенін дәлелдейді [8], [9]. Бұл мәселені кешенді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарастырудың маңыздылығын арттырады.


Үшіншіден, заманауи цифрлық ортада құмар ойындардың қолжетімділігі артқан сайын, әлеуметтік осал топтардағы жастардың тәуекел деңгейі күшейе түсуде [3], [6]. Сондықтан тәуелділіктің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды анықтау алдын алу және профилактикалық бағдарламалар әзірлеу үшін ғылыми тұрғыдан маңызды.

Осыған байланысты аталған тақырыпты зерттеу қазіргі жастар саясаты, әлеуметтік қорғау жүйесі және қоғамдық қауіпсіздік мәселелерімен тікелей байланысты болып табылады.

ӘДІСТЕМЕ

Бұл зерттеу жастар арасында құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық және мінез-құлықтық факторларды анықтауға бағытталған эмпирикалық жұмыс болып табылады. Зерттеу сандық әдіске негізделді және деректер сауалнама арқылы жиналды. Жұмыс барысында құмар ойындарға тәуелділік деңгейі тәуелді айнымалы ретінде қарастырылып, оған ықпал етуі мүмкін

әлеуметтік, экономикалық, институционалдық және психологиялық-мінез-құлықтық факторлар тәуелсіз айнымалылар ретінде алынды.



Сурет-1. Жастар арасында құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасу факторларының теориялық құрылымы

Ескерту: модель SMARTPLS бағдарламасында авторлармен жасалды.


Зерттеу аясында бірнеше гипотеза ұсынылды. Біріншіден, әлеуметтік орта мен құрдастар ықпалы құмар ойындарға тәуелділік деңгейін арттырады деген болжам жасалды. Екіншіден, қаржылық қиындықтар мен экономикалық тұрақсыздық тәуелділікке итермелеуші фактор ретінде қарастырылды. Үшіншіден, құмар ойындардың қолжетімділігі мен оларды реттеу деңгейінің әлсіздігі тәуелділіктің қалыптасуына әсер етеді деп пайымдалды. Төртіншіден, жеке тұлғаның тәуекелге бейімділігі мен эмоционалдық күйі құмар ойын мінез-құлқымен тығыз байланысты деген тұжырым негізге алынды. Деректерді жинау үшін құрылымдалған сауалнама әзірленді. Сауалнама 18-35 жас аралығындағы респонденттер арасында жүргізілді және оған 25 адам қатысты. Сұрақтар бес балдық Лайкерт шкаласы негізінде құрастырылды: 1 - «мүлдем келіспеймін», 2 - «келіспеймін», 3 - «бейтараппын», 4 - «келісемін», 5 - «толықтай келісемін». Бұл шкала респонденттердің белгілі бір тұжырымдарға қатынасын сандық түрде бағалауға мүмкіндік береді және әлеуметтік зерттеулерде кеңінен қолданылатын сенімді әдістердің бірі болып табылады.

Тәуелді айнымалы - құмар ойындарға тәуелділік деңгейі - бес көрсеткіш арқылы өлшенді. Олар құмар ойындарға жоспарланғаннан жиі қатысу, ойынды бақылаудың қиындығы, жұмсалған уақыт пен қаражат үшін өкіну, күнделікті өмірге кері әсердің болуы және ұтылған қаражатты қайтару мақсатында қайта ойнау әрекеттерін қамтыды. Бұл индикаторлар мінез-құлықтық тәуелділіктің негізгі белгілерін сипаттайды.

Әлеуметтік факторларды өлшеу барысында құрдастар ықпалы, әлеуметтік ортадағы қалыпты қабылдау, бос уақыттың ұйымдастырылуы, әлеуметтік желілердегі насихат және отбасы бақылауы ескерілді. Экономикалық факторлар қаржылық қиындықтар, табыстың тұрақсыздығы, құмар ойындарды тез табыс табу жолы ретінде қабылдау, қаржылық сауаттылық деңгейі және қарыздық қысым арқылы бағаланды. Институционалдық факторлар онлайн құмар ойындарға қолжетімділік, жарнаманың ықпалы, шектеулердің жеткіліктілігі және бақылау тетіктерінің тиімділігімен өлшенді. Ал психологиялық-мінез-құлықтық факторлар тәуекелге бейімділік, стресс жағдайында ойнау, ұтысқа сенім және ұтылғаннан кейін ойынды жалғастыруға ынталану көрсеткіштері арқылы анықталды. Жиналған деректер сандық түрде өңделіп, айнымалылар бойынша орташа мәндер есептелді. Сонымен қатар тәуелсіз факторлар мен тәуелді айнымалы арасындағы ықтимал байланыстар салыстырмалы талдау арқылы қарастырылды. Іріктеме көлемі шағын болғандықтан, зерттеу нәтижелері пилоттық сипатта бағаланды және болашақта кеңейтілген эмпирикалық зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеу жұмысына 18-35 жас аралығындағы 75 респондент қатысты. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша жүргізіліп, алынған мәліметтер құрылымдық модельдеу әдісі арқылы талданды. Талдау нәтижесінде жастар арасында құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуына әсер ететін негізгі төрт фактор қарастырылды: әлеуметтік, экономикалық, психологиялық мінез-құлықтық және институционалдық факторлар.



Сурет-2. Құмар ойындарға тәуелділікке әсер етуші факторлардың PLS-SEM әдісі негізінде алынған құрылымдық моделі

Ескерту: модель SMARTPLS бағдарламасында авторлармен жасалды.

Құрылымдық модель нәтижесі бойынша тәуелді айнымалының түсіндірілген үлесі $R^2 = 0.619$ болды. Бұл көрсеткіш құмар ойындарға тәуелділік деңгейінің 61,9%-ы зерттеуге енгізілген факторлар арқылы түсіндірілетінін білдіреді. Яғни модельдің түсіндіру қабілеті жеткілікті деңгейде деп бағалауға болады.

Нәтижелерге сәйкес, ең күшті әсер психологиялық мінез-құлықтық факторларға тиесілі ($\beta = 0.492$). Бұл жастардың эмоционалдық тұрақсыздығы, тәуекелге бейімділігі, импульсивті шешім қабылдауы сияқты ішкі ерекшеліктері құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуында шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Яғни адамның жеке психологиялық сипаттары артқан сайын тәуелділік деңгейі де жоғарылайды. Әлеуметтік факторлардың әсері де айтарлықтай деңгейде анықталды ($\beta = 0.365$). Бұл жастардың әлеуметтік ортасы, достары мен таныстары арасындағы құмар ойындардың таралуы олардың мінез-құлқына ықпал ететінін білдіреді. Қоршаған ортада мұндай әрекеттің қалыпты құбылыс ретінде қабылдануы тәуелділік қаупін арттырады.

Экономикалық факторлардың әсері оң бағытта болғанымен, салыстырмалы түрде әлсіздеу екені байқалды ($\beta = 0.259$). Қаржылық тұрақсыздық, табыстың жеткіліксіздігі немесе материалдық қиындықтар жастарды тез табыс табу жолдарын іздеуге итермелеуі мүмкін. Алайда бұл фактор жалғыз өзі шешуші рөл атқармайды, ол басқа факторлармен бірге әсер етеді.

Институционалдық факторлар теріс бағытта әсер көрсетті ($\beta = -0.251$). Бұл мемлекеттік бақылау, заңнамалық шектеулер, алдын алу шаралары мен ақпараттық жұмыстар күшейген сайын құмар ойындарға тәуелділік деңгейі төмендейтінін білдіреді. Яғни институционалдық реттеу қорғаныштық рөл атқарады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері жастар арасында құмар ойындарға тәуелділік көпфакторлы құбылыс екенін көрсетті. Ең маңызды ықпал психологиялық-мінез-құлықтық ерекшеліктерге тиесілі болса, әлеуметтік орта да елеулі рөл атқарады. Экономикалық жағдай белгілі бір дәрежеде әсер етеді, ал институционалдық шаралар тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мәселені шешуде кешенді тәсіл қажет: психологиялық қолдау, әлеуметтік ортаға ықпал ету және тиімді мемлекеттік реттеу қатар жүргізілуі тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу жастар арасында құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуы көпфакторлы сипатқа ие екенін көрсетті. Эмпирикалық талдау нәтижелері тәуелділіктің тек жеке психологиялық ерекшеліктермен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және институционалдық жағдайлармен өзара байланыста дамитынын дәлелдейді.

Құрылымдық модель нәтижелері бойынша құмар ойындарға тәуелділік деңгейінің 61,9%-ы зерттеуге енгізілген факторлар арқылы түсіндірілді ($R^2 = 0.619$). Бұл көрсеткіш ұсынылған модельдің жеткілікті түсіндіру қабілетіне ие екенін және таңдалған айнымалылардың мәселені ашуда маңыздылығын көрсетеді. Талдау барысында психологиялық-мінез-құлықтық факторлардың шешуші рөл атқаратынын анықталды. Тәуекелге бейімділік, эмоциялық тұрақсыздық және импульсивтілік сияқты жеке тұлғалық сипаттар тәуелділік деңгейін айтарлықтай арттырады. Бұл нәтиже құмар ойын мінез-құлқының ішкі мотивациялық механизмдермен тығыз байланысты екенін айқындайды. Әлеуметтік факторлардың да ықпалы елеулі екені байқалды. Құрдастар ортасы мен әлеуметтік қабылдау нормалары жастардың мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Құмар ойындардың әлеуметтік ортада қалыпты құбылыс ретінде қабылдануы тәуелділік қаупін күшейтеді. Бұл жастар арасындағы мінез-құлықтық үлгілердің әлеуметтік үйрену механизмі арқылы таралатынын көрсетеді. Экономикалық факторлар да оң бағытта әсер ететіні анықталды. Қаржылық тұрақсыздық, табыс тапшылығы және материалдық қысым жағдайында жастардың құмар ойындарды баламалы табыс көзі ретінде қарастыру ықтималдығы артады. Дегенмен, экономикалық факторлар жеке дара шешуші рөл атқармайды, олар басқа әлеуметтік және психологиялық алғышарттармен ұштасқанда ғана

тәуекел деңгейін күшейтеді. Институционалдық факторлардың теріс бағыттағы әсері реттеу тетіктерінің, заңнамалық шектеулердің және алдын алу шараларының маңыздылығын көрсетеді. Бақылау мен ақпараттық саясаттың тиімділігі артқан сайын тәуелділік деңгейі төмендеуі мүмкін. Бұл құмар ойындарға қарсы күресте мемлекеттік және қоғамдық институттардың белсенді рөлі қажет екенін дәлелдейді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуын кешенді әлеуметтік-экономикалық және психологиялық контекстте қарастыру қажеттігін негіздейді. Жастар арасында тәуелділіктің алдын алу мақсатында тек шектеу шараларын енгізу жеткіліксіз. Профилактикалық бағдарламалар психологиялық қолдау, қаржылық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік ортаны нығайту және институционалдық бақылауды жетілдіру бағыттарын қатар қамтуы тиіс.

Зерттеудің пилоттық сипатын және іріктеме көлемінің шектеулігін ескере отырып, болашақта кеңейтілген репрезентативті зерттеулер жүргізу орынды болып табылады. Бұл бағыттағы тереңдетілген эмпирикалық талдау жастар саясаты мен әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруге ғылыми негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Andrie, E. K., Tzavara, C. K., Tzavela, E., Richardson, C., Greydanus, D., Tsolia, M., & Tsitsika, A. K. (2019). Gambling involvement and problem gambling correlates among European adolescents: Results from the European Network for Addictive Behavior study. *Social psychiatry and psychiatric epidemiology*, 54(11), 1429-1441.
2. Vitaro, F., Arseneault, L., & Tremblay, R. E. (1999). Impulsivity predicts problem gambling in low SES adolescent males. *Addiction*, 94(4), 565-575.
3. Canale, N., Vieno, A., Lenzi, M., Griffiths, M. D., Borraccino, A., Lazzari, G., ... & Santinello, M. (2017). Income inequality and adolescent gambling severity: Findings from a large-scale Italian representative survey. *Frontiers in psychology*, 8, 1318.
4. Livazović, G., & Bojčić, K. (2019). Problem gambling in adolescents: what are the psychological, social and financial consequences?. *BMC psychiatry*, 19(1), 308.
5. Dowling, N. A., Merkouris, S. S., Greenwood, C. J., Oldenhof, E., Toumbourou, J. W., & Youssef, G. J. (2017). Early risk and protective factors for problem gambling: A systematic review and meta-analysis of longitudinal studies. *Clinical psychology review*, 51, 109-124.
6. Bastiani, L., Gori, M., Colasante, E., Siciliano, V., Capitanucci, D., Jarre, P., & Molinaro, S. (2013). Complex factors and behaviors in the gambling population of Italy. *Journal of Gambling Studies*, 29(1), 1-13.
7. Mbiriri, M. (2023). Predictive factors for gambling and prevalence of problematic gambling among students in selected public universities in Kenya. *African Multidisciplinary Journal of Research*, 8(1), 111-135.
8. Paleologou, A. P., Lazaratou, H., Anagnostopoulos, D. K., Trimpouki, A., Economou, M., Malliori, M., & Papageorgiou, C. (2021). Gambling in adolescents during the financial crisis in Greece. *ΕΛΛΗΝΙΚΗ ΨΥΧΙΑΤΡΙΚΗ ΕΤΑΙΡΕΙΑ*, 32(1), 34.
9. Liu, W., Lee, G. P., Goldweber, A., Petras, H., Storr, C. L., Ialongo, N. S., & Martins, S. S. (2013). Impulsivity trajectories and gambling in adolescence among urban male youth. *Addiction*, 108(4), 780-788.
10. Sofou, N., Giannakopoulos, O., Arampatzi, E., & Konstantakopoulos, G. (2021). Religious delusions: Definition, diagnosis and clinical implications. *Psychiatriki*, 32(3), 224-231.

Мукушева М.Р., Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е. А. Букетова, юридический факультет, ПРПД-24-2Р, студентка
(Научный руководитель – м.ю.н., старший преподаватель кафедры гражданского и трудового права Прудникова М.Ю.)

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО ВВЕДЕНИЯ И РЕАЛИЗАЦИИ ПРИНЦИПА ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВА РАБОТНИКА НА УВАЖЕНИЕ И ЗАЩИТУ СВОЕГО ДОСТОИНСТВА В СФЕРЕ ТРУДА

Международные стандарты в сфере труда исходят из признания неразрывной связи между трудовой деятельностью человека и его достоинством, честью и правом на уважение личности в профессиональной среде. В современном правовом порядке труд уже не рассматривается исключительно как экономическая категория. Ратифицированные Республикой Казахстан конвенции Международной организации труда (МОТ) и иные универсальные международные акты закрепляют подход, согласно которому охрана прав работника не ограничивается обеспечением материальных условий занятости, а охватывает также нематериальные, личные блага, включая безопасность личности, психологическую неприкосновенность, защиту чести и репутации, уважение частной жизни и достоинства в трудовой сфере. В данном контексте реформирование трудового законодательства Республики Казахстан приобретает особую значимость как процесс, направленный на приведение национальных норм в соответствие с международными стандартами защиты личности в сфере труда. Однако остается открытым вопрос о том, в какой мере предлагаемые нормативные изменения способны обеспечить реальную защиту личных нематериальных прав работника на практике.

Актуальность рассматриваемых вопросов определяется необходимостью правового анализа реформируемых норм трудового законодательства Республики Казахстан в разрезе защиты личных нематериальных благ работника как элементов его конституционного статуса в сфере труда. Исследование